

**6D021200 – Түркітану мамандығы бойынша Философия докторы (PhD)
дәрежесіне іздену үшін Туякбаев Омир Оразовичтың «Хадйқат әл-‘әрифйн» –
ортағасырлық түркі-мұсылмандық социумның дереккөзі» атты
тақырыптағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің сын-пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым</p>	<p>Диссертация тақырыбы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің (ғылыми-педагогикалық) басым бағыттарына және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкеседі.</p> <p>1) Докторант диссертациялық зерттеу тақырыбымен мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын Жошы Ұлысы зерттеу институтының 2023-2025 жылдарға арналған BR18574101 «Араб, моңғол, парсы, қытай және түркі деректері бойынша Шағатай, Қайду және Моғолстан ұлыстарының этносаяси тарихы» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ғылыми жобасына қатысып, жоба аясында зерттеулер жүргізген. 2) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің стратегиялық даму бағыттарының бірі – сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша диссертант диссертациялық зерттеу жұмысын 2018 және 2019 жж. шетелдік жетекшісімен Хаджеттепе Университеті Әдебиеті факультетінде (Анкара, Түркия) жүргізген.</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі</p>

		бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы» басым бағытының «Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастауы» атты мамандырылған ғылыми бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Бұл жұмыс еліміздегі кенже қалып жатқан деректану, соның ішінде кодикология саласын дамытуға үлесін қосады. Диссертация – бұрын тиіп-қашты ғана сөз болған сирек, бірегей жазба ескерткіш «Хадйқат әл-‘әрифйн» шығармасы арнайы, жан-жақты қамтып қарастырылуымен ерекшеленеді және деректану саласында көкейкесті мәселені өзек ететін, толыққанды зерттеу деп бағаланады. Жұмыста шығарманың Кабул, Упсала, Ташкент, Қоқанд қалалары қорларында сақталған 12 қолжазба нұсқасы құнттала сипатталып, атрибуциялық тұрғыдан байыпты талдаулар жасалады. Диссертация еліміздің ортағасырлардағы өркениеті мен мәдениетін, жазба мұраларын ғылыми түрде игеруге бағытталған ізденіс ретінде құнды деп санауға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	1) Жазу деңгейі – жоғары. Диссертацияда «Хадйқат әл-‘әрифйн» дидактика-агиографиялық шығарманың әдеби-көркемдік, тарихи-деректік, рухани-мәдени мәні ашылған. Қазақстаннан шыққан бұрыннан белгілі тұлғалардың шығармашылығын тереңдеп зерделеу, олардың әдеби мұраларын діни социумді зертеуде табан тірер маңызды дереккөз ретінде тиянақты қарастыру мақсатын жоғары деңгейде

			орындаған. Зерттеу нәтижесіндегі қорытындылар мен түйіндер дәйекті, нақты.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>1) Диссертация өзектілігі негізделген. Зерттеу өзектілігі ҚР Үкіметінің әр жылдарда қабылдаған Мемлекеттік бағдарламалары мақсаттарымен байланыстыра негізделген. Турбаттағы шығарма авторы Қожа Исхақ ибн Исмағил Ата мазарының ерекше сәулет мұрасы ретінде мемлекеттік қорғауға алынғаны, ұлттық маңызы бар қасиетті жерлер тізіміне енгені де диссертация негіздемесінен тыс қалмаған. Дешті Қыпшақ даласынан шыққан ұлы ғұламалар мен ойшылдардың, халық пір тұтқан дін қайраткерлерінің мұрасын зерттеудің маңыздылығы ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтар мен танымдардың діни-рухани және тарихи сабақтастығын зерттеуде, зерделеуде, жеткізуде аса қажет екені жақсы көрсетілген. Көне шығармалардың тілтанымдық, мәтінтанулық, деректанулық кешенді зерттеуге алынуы, ондағы түркі ислам өркениетімен сабақтасып жатқан дүниетаным мен дәстүр қазақ мәдениеттануы, теологиялық тұрғыдан исламды тану бағытына жаңа ғылыми анықтамалар беретіндігі тұрғысынан 6 тармаққа жіктеліп, таратыла негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>1) Мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертация кіріспе, 3 тараулы негізгі бөлімнен және қорытынды бөлімнен тұрады. Сондай-ақ, анықтамалар, белгілеулер, қысқартулар, пайдаланған әдебиеттер тізімі және қосымшалар берілген. Негізгі бөлімнің әр тараулары диссертацияның тақырыбын әр</p>

		қырынан ашып, айқындауға қызмет етеді.
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>1) Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді. Жұмыстың мақсаты «Хадйқат әл-‘әрифйннің» ортағасырлық түркі-мұсылмандық социумы бойынша тарихи-деректік маңызын, рухани-мәдени құндылығын көрсетуге негізделген. Осы мақсатқа сай «Хадйқат әл-‘әрифйн» шығармасының жазылуына түрткі болған ортағасырлардағы тарихи оқиғаларды, саяси әлеуметтік-мәдени өзгерістерді діни шығармалар контексінде қарастыру, діни-дидактикалық, агиографиялық трактаттың өзіне тән жанрлық сипатын, тілдік стилін анықтау, т.с.с. міндеттері жұмыстың тақырыбына толықтай сәйкеседі.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>1) Әр бөліммен мен тармақшалардың арасында сабақтастық сақталған, бір-біріне логикалық жалғастықта үйлесіп, толық байланысып тұр.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне</p>	<p>Автор диссертациялық жұмысында 5 ғылыми тұжырым ұсынады:</p> <p>1. Моңғол шапқыншылығынан кейінгі (1221–1224 жж.) Орта Азияда орныққан жаңа жағдайға байланысты түркі-мұсылмандық социумда тың философиялық ой-пікірлер қалыптасты, діни мектептер жаңа жағдайға, өмірге икемделді, нәтижесінде діни-идеологиялық күрестер күшейді;</p> <p>2. «Хадйқат әл-‘әрифйн» – XIII–XIV ғғ. Иасауи</p>

		негізделген	<p>сопылық мектебінің ілімін, даму ерекшелігін көрсететін негізгі дерек;</p> <p>3. шығарманың түрлі тарихи кезеңдерде (XV–XIX ғғ.), әртүрлі өңірлерде көшірілген қолжазбалары түркі-мұсылмандық социумдағы мәдени құбылыстарын анықтауға, зерттеуге мүмкіндік беретін құнды дерек;</p> <p>4. Иасауи сопылық мектебінің шығармашыл өкілдері түрлі жанрдағы түркі шығармаларын тудыра білді;</p> <p>5. «Хадйқат әл-‘әрифйн» – түркі әдеби тілінің табиғатын ашатын мұра.</p> <p>Бұл тұжырымдар түгел дерлік тың тұжырым деуге келмесе де бұрынғы айтылған тұжырымдарға түзетулер енгізген, толықтыра түскен тұжырымдар. Мысалы, көп ғылыми еңбектерде Яссауи сопылық мектебінің ілімінің негізгі дерегі «Диуани хикмет» деп саналса, аватор «Хадйқат әл-‘әрифйн» деп біледі. Диссертант зерттеуінде «Диуани хикмет» жайлы отандық және шетелдік ғалымдар пікірін саралай келе, оның жазылуы, жинақталуы, бүгінге жетуі сияқты жазба деректердің мағыздылығына қойылатын талаптар тұрғысынан қарастырып, өзінің пікірін де білдіреді және бұған дейінгі тұжырымдарға талдау жасайды.</p> <p>1) Диссертацияда сыни талдау бар. Мәселен, бүгінде ғылыми әдебиеттерде жиі қайталанатын сопылық туралы асығыс жасалған бірқатар тұжырымдарға сыни тұрғыдан келіп, қайта қарастыру керектігі айтылып, өзіндік ұсыныстар бірледі. Ізденуші тақырыбына өзіне дейінгі жасалған жұмыстарды</p>
--	--	-------------	--

			толық игерген, оларға тоқталады, ой елегінен өткізіп, саралайды, сыни тұрғыдан талдап, бағамдай келе, өз көзқарасын ұсынады. Жазба деректер мәліметін бірден қабылдамай, сыни көзқараспен талқылайды. Мифтік сипаттағы мәліметтерді терістеуден бұрын шығу тегіне, себебіне үңіледі.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>1) Диссертацияның ғылыми нәтижелері толықтай жаңа:</p> <ul style="list-style-type: none"> - зерттеу «Хадйқат әл-‘әрифйннің» қолжазба нұсқалары бойынша жүргізілген, осылайша бірқатар қолжазбалары дербес зерттеу нысанасына айналған; - атылмыш ескерткіш мәліметтері дүниеге келген кезеңдегі діни ахуал мен маңызды тарихи оқиғалар өзара байланыстырыла қарастырылған; - Исхақ Қожа әт-Түркістанидың «Хадйқат әл-‘әрифйн» атты дидактикалық-агиографиялық шығармасының жазылуына түрткі болған XIV ғ. орта шеніндегі саяси-әлеуметтік, діни қоғамдық жағдайлар, ортағасырларда түркі-моңғол дәстүрлері мен діни құндылықтар қақтығысы, полемикалық резонанс алған мәселелер таразыланған; - мұра Иасауи сопылық мектебінің ілімдері мен тағылымдарының шарифатқа лайықтығын заңдастыруы теологиялық тұрғысынан сараланған; - диссертацияда иасауилік сопылық ортада қалыптасқан туындыларға тән тілдік стильдері, өзіндік дәстүрлері зерделенген; - түркі дәстүрі мен ислам шарифатының өзара сабақтасу құбылысы қаралған; - сопылық шығармалардағы діни ұғымдардың қазақ

			<p>тіліндегі мағынасы, олардың жыраулар, ақындар поэтикасындағы сабақтастығы мысалдармен көрсетілген.</p> <p>Ғылыми нәтижелер тіл танымдық, мәтінтанулық, деректанулық, тұлғатану, философиялық (теологиялық), тарихилық, нақтылық, т.б. ғылым қағидаттарына негізделген. Диссертацияда жалпығылыми, пәнаралық ғылыми қағидаттар дәлелді негізделген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>1) Диссертацияның төмендегідей қорытындылары толығымен жаңа болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Хадйқат әл-‘әрифйн» – сопылық ілімдерді түркі дүниетанымы мен мәдени құбылыстарын анықтауға мүмкіндік беретін құнды дерек деген тың қорытынды түйінделген; - Иасауи сопылық мектебінің шығармашыл шайхтары ауызекі тіл және жазба тілі арасындағы сюжеттік мотивтерге ие, тұрақты қалыптағы діни-әдеби шығармаларды дүниеге әкелгендігі тұжырымдалған; - XIII–XIV ғғ. сопылық ілімнің қайта түсіндірілу процесі (reinterpretation) орын алғаны және оның қоғамдық өмірге лайықты түсіндірілуі, сол үшін қолданған әдіс-тәсілдері туралы тиянақты қорытынды жасалған; - «Хадйқат әл-‘әрифйн» әуелде диалогпен өрілген прозалық үлгі болғандығы, сөйлем құрылыстары мысалдар арқылы сарапталған. <p>Жалпы қолжазбамен жұмыс істеу бейнетті көп, қиын жұмыс. Зерттеудің ауқымдығы мен ауырлығына қарамастан ізденуші батыл қадаммен күрделі</p>

			тақырыпты таңдау арқылы толығымен жаңа түйіндер жасаған, оларды сенімді түрде толық негіздей алған.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>1) Зерттеу белгілі бір тәрітіппен, шешіммен құрылған. Әуелі зерттелетін шығарманың тілдік, жанрлық ерекшелігі ашықталады. Екінші қолжазба нұсқалары зерттеледі. Сол арқылы шығарманың көшірушілері, қолданушылары, таралуы ауқымы анықталады. Мәтіні зерттеледі. Қолжазбалардың мәтіні мен құрылымы бойынша қолжазба нұсқалары сыныпталады. Ташкетте сақталған екі «рисала» және «хадикат» нұсқасы салыстырылып, мәтіндік және идеологиялық айырмашылығы бар жоғы айқындалады. Ондағы мәліметтер мен автор, басты кейіпкерлер өмірі, қызметі, насихаттаған ілімі арқылы ортағасырлық түркі-мұсылмандық социум зерттеледі. Бұл отандық жазба деректерді зерттеуде қолданылған тың шешім деп бағалауға болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Нақты, түпнұсқалық деректерімен тікелей жұмыс жасалған, мол материалды ұқыпты жинап, жүйелеген. Өз тұжырымдары мен пайымдарын нақты мысалдарға жүгініп дәйектеген. Барлық қорытындылар ауқымды дәлелдемелер арқылы ғылыми түрде негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді;</p>	<p><u>1 қағидат</u>. Моңғол шапқыншылығынан кейін (1221–1224 жж.) Орта Азия халықтарының қарым-қатынастарында, олардың этносаяси және шаруашылық, мәдени дамуына, өңірде орныққан жаңа қоғамдық жағдайға сай, жергілікті діни</p>

		<p>3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>ағымдардың бейімделу процесі жүрген. Бұл бейімдеулер сопылық мектептердің жаңа философиялық ой-пікірлерінің қалыптасуына, діни ілімдерінің адаптациялануына әкелген. 7.1 қағидат ортағасырлық тарихи, діни, әдеби, жазба деректермен дәлелденген. 7.2 Тривиалды емес 7.3 иә, жаңа 7.4 қолдану деңгейі кең 7.5 қағидат докторанттың «The Legitimacy Principles of Sufi Orders in Central Asian Hagiographies» // International Seminar on Persian & Sanskrit as Shared Heritage and Cross Cultural & Historical Connection between India, Iran & Central Asia. Gauhati University, Guwahati, Assam (India) 9-11 February 2017, мақаласында дәлелденген. <u>2 қағидат.</u> «Хадйқат әл-‘әрифйн» иасауи сопылық мектебінің дәстүрлерін ислам шариғатына лайықтығын дәлелдеуге тырысқан қадамдарын, ортағасырларда түркі-моңғол дәстүрлері мен діни құндылықтар қақтығысын суреттейтін, полемикалық резонанс алған мәселелерді ашықтайтын апологетикалық мақсаттағы агиографиялық шығарма. 7.1 қағидат басқа да жазба деректермен дәлелденген 7.2 тривиалды емес 7.3 иә, жаңа. 7.4 қағидаттың қолдану деңгейі «кең» 7.5 қағидат «Хадйқат әл-‘әрифйннің» агиографиялық шығарма ретіндегі тарихи-деректік маңызы // Отан тарихы. №4, 2017. мақаласында дәлелденген</p>
--	--	---	--

3 қағидат. Шығарма қолжазбалары арасында мәтіндік айырмашылық түркілік және парсылық тіл бірліктері мен стилистикасы негізінде байқалғанымен, идеологиялық, мазмұндық тұтастығы өзгерістерге ұшырамаған, бастапқы мәтінінен көп алшақтамаған, ондағы мәліметтерді ортағасырлық түркі-мұсылмандық социумдағы мәдени құбылыстарын анықтауға, зерттеуге мүмкіндік беретін құнды дерек.

7.1 қағидат дәлелденді, қолжазба мәтіндері салыстырылған.

7.2 тривиалды емес

7.3 иә, жаңа.

7.4 қағидаттың қолдану деңгейі «кең»

7.5 қағидат «Хадйқат әл-‘әрифйн» және қолжазба нұсқалары» // Journal of Oriental Studies. №4, 2018 мақаласында дәлелденген.

4 қағидат. Иасауи сопылық мектебінің шығармашыл өкілдері ауызекі тіл және жазба тілі арасында түзілген өзіндік стилі, сюжеттік мотивтері бар, белігілі бір тұрақты дәстүрге құрылған өзіндік жанры бар par excellence түркілік шығармалар тудыра білді.

7.1 қағидат дәлелденген. Иасауи өкілдерінің мұрасын кең қолданған

7.2 тривиалды емес

7.3 иә, жаңа.

7.4 қағидаттың қолдану деңгейі «кең»

7.5 қағидат «Діни идентификацияның қалыптасу дәуірлерін анықтауда «Хадйқат әл-‘әрифйннің» маңызы» // 1 Ulusarasi Avrasya Çalişmaları Sempoziyumu «Islam Medeniyeti Bağlamında Türk

			<p>Dünyası» Kazakistan Ebb Araştırma Projesi Kapsamında «Küreselleşen Bir Toplumdaki Türklerin Dini Tanımlanması». – Istanbul, 2017. мақаласында айтылған.</p> <p><u>5 қағидат.</u> «Хадйқат әл-‘әрифйн» – сопылық ілімдерді түркі дүниетанымы мен ислам ғылымы негізінде баяндауға ең қолайлы ортағасырлық түркі әдеби тілінің табиғатын ашатын мұра.</p> <p>7.1 қағидат дәлелденген. Сопылық әдебиеттер мен ақын-жыраулар поэтикасын өзара салыстырған.</p> <p>7.2 тривиалды емес</p> <p>7.3 иә, жаңа</p> <p>7.4 қағидаттың қолдану деңгейі «кең»</p> <p>7.5 қағидат «Қазақ танымындағы сопының тұлғалық бейнесі» // «Қазіргі заманғы түркітану» Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдар жинағы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2017; «Мауераннаһрдағы араб лингвистикалық мектебі және сопылық әдебиет» // «Түркі мәдениетінің әлем өркениетіне ықпалы» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: «Қазақ университеті», 2018. мақалаларында дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия ; 2) жоқ	1) иә. Диссертацияда пәнаралық зерттеу әдістері, тіл білімі әдістері – салыстырмалы тарихи талдау, әдеби талдау, лингвотесктологиялық анализ және мәтінтанулық бағыттағы әдістер ұштастырыла қолданылған. Бұл әдістемелер нақты көрсетілген әрі оны таңдау себептерін сенімді қисындай алған.

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>1) иә. Жұмыста заманауи компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін қолдану арқылы мол деректерге қол жеткізген әрі оларды еркін пайдалана отырып, ой сабақтаған, өзіндік тұжырымдар жасаған. Кесте, кескіндер қолданған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>1) иә. Теориялық қорытындылар мысалдар арқылы түйінделген, трактаттың саяси-тарихи жағдайлармен өзара байланыстары , даму заңдылықтары зерттеулермен дәлелденген және расталған. Трактат қолжазбалары көшірмелерін текстологиялық тиянақты тексерумен Иасауи сопылық мектебінің таралу ауқымын турасында байлам жасалған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>8.4. Ізденуші әдебиеттерге жүгіну ғылыми этикасын қатаң сақтаған. Мәліметтер сілтемелермен толықтай расталған.</p>

		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі - 282, бұлардың бәрі зерттеу тақырыбына тікелей қатысты, сенімді қайнар көздер, бірнеше тілдерде. Диссертант арап, парсы, түрік, ағылшын тілдерін меңгергендіктен шетелдік зерттеушілер еңбегімен еркін таныса алғанға ұқсайды. Қолданылған әдебиеттері шолуға, зерттеу жұмысына жеткілікті.</p>
<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p>		<p>Диссертация теориялық мән-маңызға ие ғылыми жұмыс. Жұмыс кодикология, палеография бағыттағы маңызға ие отандық кодикологиялық, археографиялық жұмыстарды жүргізуге, медиевистикалық бағыттағы жұмыстар мен пәнаралық зерттеулердің сапа-деңгейін көтеруге, деректану салаларының кәсіби әлеуетін көтеруге соңғы мәліметтермен байытып, дамытуға оң әсерін тигізбек. Жұмыс орта ғасырдағы ислами мирас туралы тыянақты зерттеулердің деңгейін көтеруге септеседі. Исламның, сопылық ағымның синкретті табиғатын, діни әдебиеттің шығармалардың тарихи-деректік мүмкіндіктерін танып-білуге көмектеседі.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p>		<p>1) иә. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жұмыстың нәтижелерін Яссауитанушылықтың зерттеу аясын кеңейту мақсатында кезінде пайдалану мүмкіндігі басым. Басқа тың мәліметтерді, ұқсас нұсқаларды іздеп, түгендеуге қозғау болады. Диссертация нәтижелерін ЖОО «Түркі тілдерінің тарихы», «Шағатай тіліне кіріспе», «Ортағасырлық әдебиет», «Қазақ тілінің тарихы», «Түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы</p>

			грамматикасы» пәндердегі дәрістер оқуда пайдалануға жарамды. Жұмыстың ұлттық идеологиялық тұрғыдан алғанда да мәні бар.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа, бұл ұсыныстар кіріспеде, негізгі бөлімде, қорытындыда көрініс тапқан.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жұмыс академиялық талаптарға сәйкес, сауатты, сапасы жоғары деңгейде жазылған. Тілі жатық. Зерттеу тақырыбын жақсы меңгерген.

Ресми сарапшы ретінде осы бағалы диссертациялық жұмысы үшін О.О. Туякбаевқа философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығының директоры
филология ғылымдарының докторы, профессор



Керім Шамшәдин Тұрсынұлы

